



Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ВЕСТНИК


Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

1995 жылдан шыға бастады ■ Основан в 1995 г. ■ Since 1995


ISSN 1028-9364

SCIENTIFIC JOURNAL
HERALD

L.N. Gumilyov Eurasian
national University



№ 2 (105) 2015



I
БӨЛІМ

МАЗМУНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

МАТЕМАТИКА	МАТЕМАТИКА
Авдонин С.А., Мурзабекова Г.Е., Нуртазина К.Б. Управление и идентификация для волновых и тепловых процессов с памятью на графах.....	5
Айнагулова А.С., Темірғалиева А.Е. Гимарат ішіндегі микроклимат үрдісінің математикалық жобасын құру.....	12
Алымов Н., Рахимжанова А.Х., Найзағараева А.А., Мименбаева А., Альчинбаева О.З., Турарова М.К. Общие вопросы оценки живучести сложных технических систем.....	16
Алымов Н., Туганбаев И.Т. Некоторые вопросы оценки показателей живучести сложных систем.....	23
Аширбаев Н.К., Нысанов Е.А., Аширбаева Ж.Н. Особенности распространения динамических возмущений в упругом теле с отверстием.....	31
Жолдасов С.Қ., Уйсимбаева Ж.Т., Қасабеков М.И. Құмтұтқыштардың жаңа конструкциясы мен оның гидравликалық есебі.....	37
Қасабеков М.И., Жолдасов С.Қ., Жабағиева К.Р. Усовершенствование и создание качественно новых конструкции аппаратов гидроциклонного типа.....	45
Кошанова М.Д., Еркишева Ж.С. Классы уравнений, не разрешенных относительно старшей производной.....	55
Нысанов Е.А., Куракбаева С.Д., Куракбаев Д.С., Нысанов Р.Е. Моделирование и расчет односкоростного течения вязких двухфазных (вода + твердые частицы) сред в открытых каналах с учетом изменения скоростей фаз по глубине потока.....	59
Моделирование и расчет односкоростного течения вязких двухфазных (вода + твердые частицы) Сатыбалдина Д. К., Муканов М.М. Кешігуі бар бейсызқты жүйе үшін робасты басқару синтезі ..	65
Тұтқышбаева Ш. С., Абдрашева Г.Қ. Білім беру жүйесінде мобильдік технологияларды қолдану аймағын кеңейту жолдары.....	70
Iskakova A.S., Dosanova A.E. Probability -statistical study of differences forecasts of bank loans of Republic Kazakhstan.....	76
ТЕХНИКА	ТЕХНИКА
Абдулкаримова Г.А., Гусманова Ф.Р. Ойындар теориясының көмегімен шешім қабылдау әдістемесі	81
Абильмаженова Т.Ш., Киргизбаева К.Ж., Омирзак Е.К., Айтбаев Е.В. Вопросы надежности в строительном нормировании.....	87
Альжанов А.К., Абильдинова Г.М., Рыбальченко А.С. Назначение и условия выполнения программы автоматизации успеваемости учащихся.....	93
Альжанов А.К., Нариман С. А., Нигметов К.У. Интеграция и глобализация информационных ресурсов.....	98
Альменова А.С., Ерiш Н.А. Кеден одағы шеңберінде техникалық реттеу жүйесін жетілдіру.....	104
Ахмедьянов А.У. Методика определения оптимального уровня безотказности одноковшовых экскаваторов.....	109
Ахмедьянов А.У., Косанова И.М., Хамит А., Раев М.Ж., Жүніс Г. Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттеріндегі жол құрылысы мен пайдалануға берілу кезіндегі сапаны бақылау жағдайы.....	113
Әбіш Г.С., Садыкова С.Ш. Астана қаласының жаңа спорт кешендерінің сәулеті.....	121
Әбіш Г.С., Садыкова С.Ш. Перспективті көпфункционалды спорт кешендердің сәулеттік қалыптасуы	126
Әбіш Г.С., Садыкова С.Ш. Ірі индустриялық қалалар құрылымындағы заманауи көп функционалды спорт кешендерінің рөлі.....	130
Вайғожанова Д.С., Еңсебаева Г.С., Ермағанбетова М.А. Adobe Premiere Pro бағдарламасымен жұмыс жасаудың әдістемелік негіздері.....	133
Байнатов Ж.Б., Багитова С.Ж., Қалан Т.С. Определение несущей способности тоннельной обделки из новых тубингов.....	139
Балабаев О.Т., Саржанов Д.К., Акашев А.З., Жакупов Т.М., Катиев Т.С., Косбармаков С.Ж. Теміржол вагондарына көмірді тиеуге арналған салмақ өлшегіш құрылғыны жетілдіру	145
Бейсенби М.А., Арсакбаева Т.Т., Шамшиева С.Е., Алипбаев Е.С. Нелинейная модель динамики n-отраслевой экономической системы.....	150
Бейсенби М.А., Жубаниязов Ж.К. Исследование систем управления КА с повышенным потенциалом робастной устойчивости в классе катастроф эллиптическая омблика.....	156
Беккожина Ж.А., Рахымбекова Н.А., Кутпанова З.А. Исследование объектов, построение и изучение моделей в среде MATHCAD, MATLAB и 3DS MAX7.....	164

Альменова А.С., Еріш Н.А.

Кеден одағы шеңберінде техникалық реттеу жүйесін жетілдіру*(Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан)*

Кеден одағында техникалық реттеуге үлкен көңіл бөлінуде, онда бизнес пен тұтынушы арасындағы қарым-қатынас ережелері, нарыққа тауардың қозғалу процесінде мемлекеттің рөлі талғылануда. Осы мақалада техникалық реттеу жүйесінің қазіргі жағдайын талдауға және жетілдіру жолдарын қарастыруға талпыныс жасалған.

Түйін сөздер: кеден одағы, техникалық реттеу, техникалық регламент, сәйкестікті растау, бәсекелестіктің қабілеттілік, қауіпсіздік, сертификаттау, стандарттау.

Техникалық реттеу саласындағы қызметті жетілдіруде көптеген отандық мамандар Қазақстанның Кеден одағы мен Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруіне үлкен үміт артып отыр. Халықаралық саудада сүйкестікті бағалау түрлерін және қауіпсіздік талаптарын өз бетінше ауыстыруға болмайды. Бұл экономика мен әлеуметтік сала үшін ауыр зардап алып келуі мүмкін. Мысалы, тауарларды нарыққа дейінгі бағылаудың (сүйкестікті растау) және нарықта қадағалаудың әлсіреуі елді сапасыз, қауіпті тауарлардың үйіндісіне айналдырады. Әрине, керісінше де болуы мүмкін. Тауарлардың сүйкестігін бағалаудың дұрыс емес түрлері және оларға қойылатын қауіпсіздік талаптарын тым асыра арттыру саудада айтарлықтай кедергі болады.

Алғаш қолданысқа енген Кеден одағының техникалық регламенттерін талдай отырып, өнімнің сәйкестігін бағалаудың дұрыс түрлері енгізілді деп айтуға болады. Беларусь тарапының сыртқы ұстанымының арқасында көбісінде нарыққа дейінгі бағылау ретінде үшінші тараптың сертификаттауы енгізілді. Жағын арада қолданысқа енгізілген техникалық регламенттердің талаптарының орындалу нәтижесі бойынша Кеден одағында орнатылған техникалық реттеу рәсімдері мен ережелерінің қаншалықты орындалатыны белгілі болады [1].

Техникалық реттеу саласында шешім қабылдау кезінде жігерлі шешімге негізделген емес, ішкі және сыртқы нарықтың шынайы жағдайын талдау негізінде (барлық мүдделі тараптармен, соның ішінде ең бірінші бизнес және тұтынушымен консенсусты іздеуге негізделген) ұлттық мүддені қорғау, әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды құрамы, біздің өнеркәсіптік саясаттың бір бөлігі ретінде болуы тиіс.

Техникалық реттеу саласында қабылданатын шешімдер тұрғындардың барлық топтарының мүдделерін қозғайды, және де мүдделер көбінесе қарама-қарсы, олар артынан шиеленіс туғызады. Бизнес пен тұтынушылардың қақтығысы жүруде. Билік осы қарым-қатынасты реттеуі қажет. Ол консенсуске жетуге септігін тигізуі тиіс. Осы нақты түрде техникалық регламенттерде өнімге қойылатын қауіпсіздік талаптарын орнату кезінде де, сәйкестікті бағалау түрін таңдау кезінде де көрсетілуі керек. Өкінішке орай, осыған ҚР "Техникалық реттеу туралы" заңы күшіне енгеннен бері қол жеткізе алмай жүрміз. Осының салдарынан болатын жағымсыз зардапты негізінен тұтынушылар көруде.

Қазір біздің дамуымыздың негізгі бағыты өмір сапасын көтеру мен әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған кезде, тұтынушылық нарыққа келіп түсетін тауардың қауіпсіздігі мен сапасына қатаң талаптар қойылатын болады. Қазіргі таңда нарық кеңес уақытына қарағанда әр түрлі тауарлар мен қызметтерге толы деп пайымдау, ешкімді қанағаттандырмайды. Өз уақытында бұл шынымен де күшті аргумент болған. Бірақ қазір тұрғындарға сапалы және қауіпсіз тауар қажет, сондай-ақ контрафакті мен жасанды өніммен қатаң күрес қажет [2].

Техникалық реттеу жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстардың негізгі бағыттары: 1. Ең алдымен техникалық регламенттерде қауіпсіздік талаптарын анықтау, сәйкестігі міндетті расталатын өнімдер тізбесін қалыптастыру және сәйкестікті бағалау мәселелеріне тоқталып өтейік. Осы салаларда орынсыз шешімдер нақты бизнес үшін де, экономика үшін де, әлеуметтік

ның дамуы үшін де жағымсыз зардапқа алып келуі мүмкін. Егер де қазіргі таңда техникалық регламенттерді жасаушылар алдында еуропалық директиваларды немесе басқа да заңдарды, біздің өнеркәсіппен орындай алуын талдаусыз, тікелей қолдану міндеті қойылса, бұл техникалық реттеу мәселесінің мәнін түсінбегендігін көрсетеді.

Р "Техникалық реттеу туралы" Заңына сәйкес техникалық регламенттер өнеркәсіптің ішкіліктерін сипатауы тиіс. Ал енді бір жағынан, аталған заңда "Шет мемлекеттердің, қаралық және өңірлік ұйымдардың нормалары мен стандарттары техникалық регламенттерді әзірлеу кезінде негіз ретінде толық немесе ішінара қолданылуы мүмкін" деп аталған, ал бұл біздің өніміміздің бәсекеге қабілеттілігі болып табылады.

Қоғарыда аталған критерийлер қарама-қайшы сипатқа ие. Егер де техникалық регламенттердегі талаптар кәсіпорындардың көбісі орындай алмайтындай жоғары болса, онда бизнес пен мемлекеттің экономикасына қауіп төндіруі мүмкін. Ал егер де олар төмен болса, бұл бәсекеге қабілеттіліктің жоғалуы және тұтынушыға зиян келтіру қаупі бар.

Ішкідай тепе-теңдікті табу жұмысты аналитикалық ұйымдастыруды талап етеді. Бұл үшін активті негіз ұлттық стандарттар қорын талдау болып табылады. Себебі стандарттардың ұлдың негізгі қағидасы - өндірушілер мен тұтынушылар арасында консенсусқа қол жеткізу. Осы қор өнімге қойылатын тұтынушылардың талаптары мен осы өнімді шығару бойынша кәсіптің мүмкіндігінің үйлесімділігін сипаттайды. Тәжірибеде техникалық регламенттерді әзірлеу туралы хабарламада және сараптық комиссиялардың қорытындыларында, әдетте қай талдаулардың нәтижелері болмайды.

Осы мәселелердің және сәйкестігі міндетті расталуға жататын өнімдер тізбесін негізді ұйымдастыру мен сәйкестікті бағалаудың формасын таңдауды шешудің маңызды бағыты, бірақ қолданудың қауіп-қатерін талдау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру болып табылады. Бірақ уақытта бұл жұмыс субъективті сипатқа ие, тұтынушылық нарыққа жіберілетін өнімдер қауіпсіздігінің деңгейі туралы сенімді ақпарат жоқ. Осыған байланысты Еуропалық комиссияның тәжірибесі бойынша қауіп-қатерді талдау институтын құру қажет.

Техникалық регламенттердің талаптарының орындалуын бағылауды ұйымдастыру қажет. Бұл шын мәнінде жоқ. Оның ең басты себебі бізде қадағалау және сертификаттау қызметі бизнестің дамуына кедергі келтіретін әкімшілік кедергі ретінде қарастырылады. Бірақ әлемдік тәжірибе керісінше екенін көрсетеді. Оны тиісті ұйымдастырусыз бизнестің тиімді дамуы болмайды.

Бізде мемлекеттік қадағалау 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 377-IV ҚР "Мемлекеттік қадағалау мен қадағалау туралы" заңымен реттеледі. Тәжірибе бұл Заң нормативтік құжаттардың талаптарының бұзылу фактісін жазуға мүмкіндік бермейді. Кәсіпкерді алдан ала ескертумен, жылда бір рет жоспарлы жүргізілетін тексеру орнатылған. Жоспардан тыс тексеруді ештеңе рет қайталанылған бұзылулардың кезінде де жүргізу мүмкін бола бермейді.

Ал енді сертификаттау мәселесіне тоқталып өтейік. Нарықта таза бәсекеге қабілеттілік үшін қайта жасап, осының негізінде сертификаттау жөніндегі қызметті жетілдірудің орнына, оны өзіміз беделің түсірді. Бұған махинаторлар күшін салды: нарық жалған сертификаттарға және қандай тексеру мен сынаусыз бір күнде берілетін сертификаттарға толы. Фактілер бар, бірақ өрсе жасай алмайсың. Өмір қадағалау мен сертификаттау қызметін біздің азаматтардың қауіпсіздігіне сәйкестендіру талап етуде.

Техникалық регламент талаптары бұзылған жағдайда ақпаратты тіркеу және талдау қажет. Аталған кері байланысыз техникалық реттеу жүйесі жұмыс істемейді. Оның негізі техникалық регламент тұрғысынан жүйелендірілген мемлекеттік қадағалау сәйкестікті растау нәтижелері туралы ақпарат болып табылады. Қазір осындай ақпарат қандай ешнәрсе жасалмаған.

10 жылдам астам уақытта Беларусь, Қазақстан, Ресей және ТМД-ның басқа да елдері нормативтік базаны қолдан әбден әлсіреп кетті. Осының салдарынан, техникалық регламент талаптарын тексеру мен орындауға қойылатын бірыңғай тәсіл, тек қана олардың ішін мемлекетаралық стандарттар құраған жағдайда қамтамасыз ете алуы мүмкін. Қазір

техникалық регламенттердің барлық талаптарын жабу үшін олар жеткіліксіз, бірақ бұл шындық және оны мойындау қажет.

Бұл жағдайда техникалық регламенттерді жасаушыларға, өнімді өндірушілерге және мемлекеттік қадағалау және сәйкестікті растау органдарына қосымша мәселе тудырмау үшін тізбені тек қана мемлекетаралық стандарттар негізінде жасау орынды болады.

Техникалық регламенттің басқа талаптарын тексеру мен орындау ұлттық нормативтік құжаттармен қамтамасыз етілуі қажет. Олар Кеден одағы техникалық регламенттері саласындағы ақпараттық жүйе шеңберінде жарияланып, үнемі өзектендіріліп және мемлекетаралық стандарттарды жасағанға дейін әрекет етуі тиіс. Стандарттар тізбесін қалыптастырудың осындай тәртібін орнату үшін заңдық негіздер Кеден одағының келісімімен қарастырылған.

Дәл осындай тәсіл Еуропалық одақта техникалық реттеу жүйесін қалыптастырудың іргетасы болды. Осындай тәсілді бізде де қолдану, стандарттар тізбесін жасау рәсімін жеңілдетумен қатар, Кеден одағына ТМД-ның басқа да мемлекеттерінің кіруі үшін қызықтыратын жағдай жасайды [3].

4. Сәйкестікті растау жөніндегі өкілетті органды енгізу мәселесі. Бұлсыз да техникалық реттеу жүйесі жұмыс істемейді. Өкілетті органдар - бұл Еуропалық одақтың техникалық реттеу жүйесіндегі маңызды бөлім. Себебі олар қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізеді және қауіпті өнімнің нарыққа түсуіне заңдық жауапкершілікті алады. Олардың басты рөлі өндіруші өнім ұлттық стандартпен емес, өзінің нормативтік құжаты бойынша жасаған кезде көрінеді. Бұл жағдай инновациялы, алғаш рет айналымға шығарылатын өнімге тән.

Сонымен қатар заңнамаға сәйкес сәйкестік презумпциясы қағидасы жұмыс істемейді және де өндіруші өнімнің өзінің нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкестігін дәлелдей қоймай, сондай-ақ сол нормативтік құжат техникалық регламент талаптарының орындалуын қамтамасыз ететінін дәлелдеуі керек. Оны жүзеге асыру арнайы зертханалық зерттеулерді жүргізуді талап етеді және мұндай зерттеуді сертификаттау жөніндегі әрбір орган жүргізе алмайды. Сертификаттау жөніндегі аккредиттелген органдар құрамынан, аталған жұмысты орындай алатын органдар бөлінеді. Оларға арнайы өкілеттік беріледі және олар заңдық жауапкершілікпен осындай өнімді нарыққа жіберу туралы шешім қабылдайды. Сондай-ақ, олар инновациялық өнімді өндіруді жасау мен ұйымдастыру процесінде өндірушілер мен инвесторларға кеңес береді. Ал бізде мұндай механизм жоқ.

5. ҚР "Техникалық реттеу туралы" заңының мәселесі. Кеден одағы және еркін экономикалық кеңістік құруға ұмтылу шарттарында оны күшін жою қажет. Кеден одағы техникалық регламенттерін жасаудың негізгі ережелері Кеден одағының негіз қалаушы құжаттарында тұжырымдалған.

Сондықтан жаңа заң қабылдау қажет. Оның концепциясы Кеден одағы техникалық регламенттерін жасау мен қабылдау процесінде Қазақстанның саясатын қалыптастыруды қарастыру қажет. Сондай-ақ, оларды жасау, талқылау және қабылдау кезінде Қазақстандағы ережелер мен талаптар орнатылуы қажет. Сонымен қатар оның объектісі ретінде өлшем бірлігіне, техникалық регламент талаптарын орындамауға бизнестің жауапкершілігіне және сәйкестік растау ережелерін бұзуға талаптар болуы қажет. Стандарттау, аккредиттеу, мемлекеттік қадағалау сияқты техникалық реттеудің салалары да ұлттық заңнамен реттелуі керек. Сондай-ақ ұлттық заңнама техникалық реттеудің ерікті саласын толығымен реттеу тиіс.

6. Техникалық регламенттерді қабылдау мерзімін анықтау және оларды әрекетке енгізуді ұйымдастыру мәселелері. Мерзімді анықтау кезінде тізбеге енгізілетін мемлекетаралық стандарттар мен нормативтік құжаттардың болуы есепке алынбайды және олардың үйлестірілу деңгейі талданбайды. Техникалық регламенттерге артық және жиі тексерілмейтін өнімге қойылатын талаптар енгізіледі. Себебі қажет сынау әдістемелері жоқ, сондықтан регламенттер жүзеге асырылмай қалады.

Техникалық регламенттерді әрекетке енгізу мерзімін анықтау кезінде талдау жүргізілмейді

және олардың талаптарын орындауға бизнестің дайындығы, сәйкестікті бағалау инфрақұрылымының болуы есепке алынбайды, сондай-ақ техникалық регламент талаптарын орындаудың ұйымдастырулы-әдістемелік қамтамасыз етілуі жоқ. Көптеген жағдайларда шаралар жоспары олардың талаптарын орындау үшін қажетті барлық шаралар кешені болмайды.

Техникалық регламенттерді әрекетке уақытылы енгізілуін дайындау үшін кәсіпорындарға қажетті әдістемелік көмек көрсетуді, техникалық регламенті енгізумен байланысты шараларды жасау мен іске асыру бойынша кәсіпорындарға консалтингтік қызметтерді ұйымдастыру және оларға сәйкес ұсыныстар жасау қажет.

7. Тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыруға, тауарлардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бизнестің бейімделуіне жағдай жасау. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бұл тек ғана қайырымдылық емес, халықаралық тәжірибеде расталғандай, бұл ең алдымен тұтынушылар мүддесін қанағаттандыру, нарыққа сапалы және қауіпсіз тауарлар және қызметтермен шығу болып табылады. Дәл осы жағдай бизнесті ғылыми зерттеулерді дамыту мен прогрессивті технологияларды енгізу, жетілдіру мен инновация туралы ойлануға мәжбүр етеді.

Қазіргі таңда, әр тәрлі себептерге байланысты бұл бізде жоқ. Аймақтық (облыстық) дамуын бағалауда негізінен жеке инвестициялардың өсімі, тікелей шетелдік инвестицияларды тарту, еңбек өнімділігінің өсімі, шағын және орта бизнестің өсімі туралы айтылады. Тұтынушылық нарыққа келіп түсетін тауарлардың сапасы мен қауіпсіздігі туралы ешнәрсе жоқ. Ал бұл - бизнестің инновациялық дамуын және тұрғындардың күнделікті мүдделерін қанағаттандыруын сипаттайтын басты критерий. Инвестициялар саны артуда, ал олардың нәтижесі инновациялық өнім бола ма? Ол халықаралық прогрессивті стандарттарға сәйкес келе ме? Бұл жағдайды түсіну аймақ басшылары үшін қиын болады. Мұндай критерийлер жөнінде инвесторларды қолдау бағыттарын анықтау, жалпы алғанда аймақтық инновациялық даму міндетін шешу оңай емес.

8. Техникалық реттеу мәселесін шешуде тұтынушылар өлін арттыру. Қалыптасқан стандарттарда тұтынушылардың шоғырланған пікірін қалыптастырусыз өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін көтеру мүмкін емес. Сондықтан тұтынушылар өз сөзін айту қажет. Олар бизнеске әсер етуге қабілетті шынайы күш болуы мүмкін. Бұл тұтынушылық қозғалыстың дамуына және тұтынушылар мүдделерінің стандарттарда көрсетілуіне ерекше көңіл бөлетін халықаралық тәжірибеде де кездеседі. Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ИСО) шеңберінде тұтынушылық саясат жөніндегі арнайы Комитет (КОПОЛКО) жұмыс істейді.

Біздің тұтынушылар селқос өндірушілер мен сауда желілеріне әсер ете алмайды. Құрылған тұтынушылар құқығын қорғау қоғамдары жеке міндеттерді шешеді және техникалық реттеу саласында шешім қабылдауда қажетті беделге ие емес. Оларды мұндай мәселелерді шешуге тартпайды.

Тұтынушылық қозғалыстың дамуы көп жағынан мемлекетке байланысты. Егер де мемлекет күш салса, бұл бизнесті кез келген бағамен пайдаға ұмтылуға мәжбүрлеп қоймай, сондай-ақ ол кімге жұмыс істейді және оның әл-ауқаты кімге тәуелді екенін, яғни тұтынушылар туралы, оларға арналған тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігі туралы ойландыруға итермелей алады [4].

Әдебиеттер

1. Беларусь республикасындағы, Қазақстан республикасындағы және Ресей Федерациясындағы бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімі. // Егемен Қазақстан. - 2011. - 27 маусым.

2. Саламатов В.Ю., Павленко Н.М. Формирование системы технического регулирования стран таможенного союза // Стандарты и качество - 2011 - №1. - С. 26-30

3. Аронов И.З., Рыбакова А.М. Природа соглашений о взаимном признании // Стандарты и качество - 2012 - №1. - С. 22-26.

4. Версан В.Г. Техническое регулирование и таможенный союз // Стандарты и качество - 2012 - №4. - С. 14-21.

Reference

1. Belarus' respublikasyndagy, Qazaqstan respublikasyndagy zhane Resei Federacijasyndagy biringai kagidattary men kagidalary turaly kelisimi. // Egemen Qazagstan. - 2011. - 27 mausym.
2. Salamatov V.Ju., Pavlenko N.M. Formiravanie sistemy tehniçeskogo regulirovanie stran tomozhenogo sojuza // Standarty i kachestvo - 2011 - №1. - s. 26-30.
3. Aronov I.Z., Rybakova A.M. Priroda soglashenij o vzaimnom priznanii // Standarty i kachestvo - 2012 - №1. - s. 22-26.
4. Versan V.G. Tehniçeskoe regulirovanie i tamozhennyj sojuz // Standarty i kachestvo - 2012 - №4. - 14-21.

Альменова А.С., Ериш Н.А.

Совершенствование системы технического регулирования в рамках таможенного союза.

В таможенном союзе основное внимание уделяется обязательной сфере технического регулирования, в которой сегодня отрабатываются правила взаимоотношений между бизнесом и потребителями, уточняется роль государства в процессе движения товаров на рынок. В данной статье предпринята попытка проанализировать современное состояние и рассмотреть пути совершенствования системы технического регулирования.

Ключевые слова: таможенный союз, техническое регулирование, технический регламент, подтверждение соответствия, конкурентоспособность, безопасность, сертификация, стандартизация.

Almenova A.S., Yerish N.A.

Improving the system of technical regulation in the Customs Union.

In the customs union focuses on mandatory technical regulation, which currently practiced rules of relations between business and consumers, clarify the role of the state in the movement of goods on the market. In this paper attempts to analyze the current situation and consider ways to improve the system of technical regulation

Редакцияға 15.01.2015 қабылданды